

Әкімдіктің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ 22 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің № 1 Қашар жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 1 Қашар жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің «Рудный қаласының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 22 қаулысымен қайта аталды.

4. Мемлекеттік мекемеге қатысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган - Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган).

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің № 1 Қашар жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 111507, Қостанай облысы, Қашар кенті 1 шағын аудан № 26/1 үй.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің тәуелсіз балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар мөрі болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері үшін қолындағы ақшамен жауап береді. Егер коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болса, Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражаты арқылы өз міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар міндетті түрде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық Қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру және қол жетімді жоғары сапалы мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты - жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнының міндетті минимумын игеру, оқушылардың қоғамдағы өмірге әлеуметтік бейімделуі, мамандықты, еңбекті, азаматтығын және Отанға деген сүйіспеншілігін саналы таңдау мен игеру үшін негіз жасау негізінде оқушылардың жалпы ғылыми және жалпы мәдени дайындығын қалыптастыру.

13. Мемлекеттік мекеменің міндеттері болып табылады:

1) құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын құру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) көзделген базистік ғылыми негіздерді алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына жету үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыру;

3) қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

4) білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуы, дамуының бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар жасау;

5) тамақтандыруды ұйымдастыру.

15. Мемлекеттік мекеме білім беру қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

17. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле басқару органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

18. Мемлекеттік мекемеге жалпы басшылықты Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Рудный қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады (әрі қарай - білім бөлімі).

19. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Білім бөлімі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;
- 8) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9) мемлекеттік мекеменің басшысы білім бөлімімен келісім бойынша бас есепшіні лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

21. Мемлекеттік мекеменің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, білім бөлімі тағайындайды және қызметтен босатады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы білім бөлімімен келісім бойынша бас есепшіні лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей білім бөліміне бағынады, мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапты болады.

24. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және үлгілік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

25. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) жергілікті атқарушы органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

10) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және жергілікті атқарушы органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

26. Іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізіміне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта (толық) білім беретін бағдарламалары, қосымша білім берудің оқу бағдарламалары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары кіреді.

27. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машықтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынас тәжірибесін, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

28. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

29. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, дифференциациялау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленген.

30. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар, сонымен қатар үйде оқитын балаларға қажеттіліктерге сәйкес үлгілік оқу жоспарларының негізінде жеке оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленеді.

31. Жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді.

32. Мемлекеттік мекемеде қосымша білім берудің бағдарламалары іске асырылады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

33. Мемлекеттік мекемеге балаларды қабылдау бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды мемлекеттік мекемеге оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық медициналық психологиялық кеңес қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

35. Бұрын шетелдік мектептерде оқыған білім алушылар Қазақстан Республикасына келгеннен кейін Қазақстан Республикасының мектептерінде оқуды жалғастырады. Мектептердің әкімшіліктері жергілікті білім беру басқармаларымен бірлесіп, олардың білім деңгейін анықтау үшін Комиссиялар құрады, оның жұмысының қорытындысы бойынша оқушыны Қазақстандық мектептің тиісті сыныбына қабылдау туралы шешім қабылданады.

36. Білім алушылардың қатарына қабылдау мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

7-тарау. Білім беру жүйесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі)

37. Мемлекеттік мекемеде оқу жүйесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады.

Оқу жылы ішінде күзгі, қысқы, көктемгі каникулдар белгіленеді.

38. Білім алушылар, педагогтар, білім алушылардың заңды өкілдері білім беру жүйесінің субъектілері болып табылады.

39. Мемлекеттік мекеменің персоналын жинақтау тәртібі Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасымен регламенттеледі.

40. Штат саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

41. Білім алушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады.

42. Мемлекеттік мекеме білім беру жүйесін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған

жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

43. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарларын, оның ішінде оқу жүйесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

44. Мемлекеттік мекеме оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС-ға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

45. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

46. Мемлекеттік мекеме базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және мемлекеттік мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын дербес әзірлеуді жүзеге асырады.

47. Мемлекеттік мекемеде оқыту жүйесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі.

48. Оқу аптасының ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

49. Сабақтар екі ауысымда өткізіледі. Ауысымдар арасында ылғалды жинау жүргізу мен желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

50. Сыныптарды білім алушылардың даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді.

51. Мемлекеттік мекемеде сабақтар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

52. Оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде бес минут, үлкен үзіліс (екінші немесе үшінші сабақтан кейін) отыз минутты құрайды.

Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы он бес минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

53. Сабақтың ұзақтығы қырық минуттан аспайды.

54. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының «сатылы» режимі қолданылады. Қыркүйекте үш сабақ отыз бес минуттан, қазаннан бастап қырық минуттан жоспарланады. Сабақтарда дене шынықтыру минуттарын және көзге арналған жаттығулар өткізіледі. Бірінші сынып оқушылары үшін жыл бойы қосымша бір апталық каникул көзделеді. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді.

55. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі МЖМБС, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік мекемесі бекітетін ережелермен айқындалады.

56. Мемлекеттік мекеме бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес болады.

57. Мемлекеттік мекемеде қажет болған жағдайда мектепке дейінгі шағын орталықтар және бір жылдық мектепалды сыныптар ашылады.

58. Мектепке дейінгі шағын орталықтарда және мектепалды сыныптарда білім беру жүйесі мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше қызмет түрлерін: ойындар, құрастырулар, сурет салу, музыка, театрландыру және басқа да қызметтерді ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан қарауды, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып түрлі топтарда жұмыс жасау мүмкіндігін іске асыруды қарастырады.

59. 5-тен 7 жасқа (8 жас) дейінгі балаларды жан-жақты дамыту үшін олардың ата-аналарын және (немесе) басқа заңды өкілдерін консультациялық-әдістемелік қолдау, мемлекеттік мекемеде балаларды әлеуметтік бейімдеу, толық және толық емес жұмыс күнімен ұзартылған топтар құруға болады.

60. Ұзартылған күн тобындағы оқу жүйесін ұйымдастыру мектепке дейінгі және бастауыш білім беру, тәрбиелеу мен білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламасымен анықталады және реттеледі.

61. Жалпы білім беру, бастауыш және мектептен тыс сыныптарда оқушылардың саны 25-тен аспауы керек.

62. Мемлекеттік мекемеде ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, жалпы сыныпта (екі баладан көп емес) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту көзделген.

63. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды мемлекеттік мекемеден арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық медициналық педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

64. Денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ұзақ уақыт бойы мемлекеттік мекемеге бара алмайтын азаматтар үшін үйде тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

65. Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

66. Логопедтік көмекке мұқтаж балаларды уақтылы анықтау; балалардағы ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстарының алдын алу және түзету; балаларды мектепке дайындау және оқушылардың білім беру бағдарламаларын

меңгерудегі қиындықтарды еңсеру; сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды оқыту және дамыту бойынша педагогтер мен ата-аналарға және (немесе) балалардың өзге де заңды өкілдеріне консультациялық көмек көрсету мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме логопедтік пункт ұйымдастыруға құқылы.

67. Жеке тұлғаның даму жағдайын бақылауды және оның мінез-құлқын түзетуді ұйымдастыру үшін мемлекеттік мекемеде тиісті жылға көзделген жалақы қорының есебінен және шегінде психологиялық-педагогикалық қызмет құрылады.

68. Мемлекеттік мекеме жазғы уақытта балаларды сауықтыру үшін жағдай жасайды (балалар күндіз болатын мектеп жанындағы лагерь жұмысы)..

69. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

Оқыту орыс тілдерінде жүргізіледі.

70. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

71. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

72. Мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ыстық тамақ, сондай-ақ буфет жүйесі бойынша тамақтану, білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру ұйымдастырылады.

73. Мемлекеттік мекемеде тиісті жағдайлар жасау үшін оқу жайларымен бірге алаңы бар материалдық активтердің меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, немесе жалға алу құқығына тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздардың, бастауыш білім беру деңгейі үшін жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың; компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен қамтылудың, оқу зертханалардың, спорт залдардың, медициналық пункттердің, асхана немесе буфеттің), ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы, сондай-ақ орта білім беру ұйымының жайларында және (немесе) оған іргелес аумақтарда бейнебақылаудың болуы қажет.

74. Мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді және ұлттық білім беру деректер қорындағы деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

75. Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білім берудің бөлектілік қағидатын сақтайды. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді.

76. Саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдастырушылық құрылымдарының құрылуына және қызмет етуіне жол берілмейді.

77. Оқытудың зайырлы сипатын іске асыру және мемлекеттік мекеменің білім алушылары арасындағы әлеуметтік, мүліктік және өзге де өзгешеліктердің белгілерін жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар белгіленеді.

78. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып енгізіледі.

Мектеп формасының түсін, үлгісін және белдемшенің ұзындығын таңдау мемлекеттік мекеме және қоғамдық кеңес айқындайды, жалпы мектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

79. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар мемлекеттік мекеменің фойесінде, ал танысу үшін мемлекеттік мекеменің Интернет-ресурсында орналастырылады.

80. Басшы ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді білім алушыны орта білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш берген кезде қол қойғызып және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырады.

81. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайларда, ата-аналар балаларды шектеу іс-шаралары алынып тасталғанға, төтенше жағдайдың, форс-мажорлық мән-жайлардың қолданысы тоқтатылғанға дейін мемлекеттік мекемеге балалар бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

82. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары құрылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестер білім беру ұйымының алқалық басқару нысандары болып табылады.

8-тарау. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

83. Мемлекеттік мекеме бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау,

аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымды бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

84. Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беріледі.

9-тарау. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

85. Білім алушылар мемлекеттік мекемеден құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін директордың бұйрығымен шығарылады.

Он алты жасқа дейінгі балаларды шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

86. Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

87. Мемлекеттік мекемеден шығарылған кәмелетке толмаған балалардың жалпы орта білім алуы жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жалғастырылады.

88. Бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бір орта білім беру ұйымынан басқасына ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

89. Білім беру ұйымынан шыққан адам басқа білім беру ұйымына келуі туралы талон ұсынады, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетіледі, содан кейін оған тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, оқыған сыныбы, мекенжайы көрсетілген мектебі көрсетілген кету туралы есептен шығару талоны және оның жеке ісі беріледі.

Кету туралы есептен шығару талоны білім алушының келуі және жеке ісін тапсыруы үшін білім беру ұйымына ұсыну үшін беріледі.

10-тарау. Ақылы қызмет ұсынудың тізбесі және тәртібі

90. Мемлекеттік мекеме көрсететін білім беру қызметтері білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бюджет қаражаты есебінен, тегін көрсетіледі.

91. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты

жасай отырып, тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) ғылыми зерттеулер жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынуға құқылы.

92. Мемлекеттік мекеме дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

93. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

94. Мемлекеттік мекеме ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

95. Ақылы негізде қызмет көрсететін мемлекеттік мекеменің және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

96. Білім алушы шарт жасасу сәтінде бүкіл оқу кезеңі үшін шығыстарды бір мезгілде ақы төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

97. Оқуға төлемді кезең-кезеңімен төлеген кезде төлем сомасы жалақы ұлғайтылған жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен асырылмай ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін.

11-тарау. Білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарды ресімдеу тәртібі

98. Білім алушының, заңды өкілдердің өзара қарым-қатынастары тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оқу мерзімдерін айқындайтын шартпен реттеледі.

99. Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт мемлекеттік мекеменің басшысы мен білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері арасында мемлекеттік мекемеге білім алушыларды қабылдау кезінде жасасылады.

100. Білім алушы құқылы:

- 1) МЖМБС - ға сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;
- 6) мемлекеттік мекемеде ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 8) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 1) 10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

101. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді.

102. Білім алушы міндетті:

- 1) МЖМБС талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 2) өздерінің денсаулығы үшін қамқорлық жасауға, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 3) міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- 4) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

103. Оқушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік

ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

104. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) мамандыққа құрметпен қарауға және білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан тиісті мінез-құлыққа;

4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) коммуналдық мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын берілуіне;

15) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуіне;

16) өзіне қатысты қабылданған коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының актілеріне, іс-әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

105. Педагогтің құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

106. Педагог міндетті:

1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын МЖБС-да көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге міндетті;

3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растауға);

4) педагогикалық әдепті сақтауға міндетті;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге міндетті;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшылығын дереу хабардар етуге міндетті;

10) құқық қорғау органдарына және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде коммуналдық мемлекеттік мекемеден тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге консультация беруге міндетті.

107. Педагог білім беру жүйесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік

тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

12 – тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін қалыптастыру тәртібі

108. Мемлекеттік мекеменің мүлкі құны оның балансында көрсетілетін заңды тұлғаның активтерінен тұрады. Мемлекеттік мекеменің мүлкі есебінен қалыптасады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

109. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

110. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

111. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті, республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

112. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есепті және есеп беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

113. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны жергілікті атқарушы орган және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және олардың құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

13-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

114. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

115. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

116. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

117. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік заңды тұлға заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

118. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

119. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

120. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, оның ішінде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражат тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

121. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы

Т.А.Ә. (бар болса)

қолы

